

ПРИПОЖЕРСКИЙ

№15/503

14 апреля 2017 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

НҮРСҮЛТАН НАЗАРБАЕВ. БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Кіріспе

Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым.

Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық.

Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Бірақ, ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес.

Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық.

2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық.

2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік.

Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз.

Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім.

I. XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ

Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетаныммызға әбден сіңіп қалған тап-таурын қағидалардан арылмасак, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, нық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Өжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымызды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалағын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды.

байлығын үнемді, әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді.



Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиек-терін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын.

Бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтер едім.

1. Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарыққа бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.

Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

2. Прагматизм

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертіпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес.

Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үніліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады.

Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның

Тек өткен ғасырдың ортасында, небәрі бірнеше жыл ішінде миллиондаған гектар даламыз аяусыз жыртылды. Ықылым замандардан бері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ұлттық прагматизм санаулы жылда адам танымастай өзгеріп, ас та төк ысырапшылыққа ұласты. Соның кесірінен, Жер-Ана жаратылғаннан бері шөбінің басы тұлпарлардың тұяғымен ғана тапталған даланың барлық құнары құрдымға кетті. Түгін тартсаң майы шығатын мыңдаған гектар миялы жерлеріміз экологиялық апат аймақтарына, Арал теңізі аңқасы кепкен қу медиен шөлге айналды.

Осының бәрі – жерге аса немқұрайлы қараудың ашы мысалы.

Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек.

Прагматизм – өзінің ұлттық және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Бұл – заманауи әлемдегі бірден-бір табысты үлгі. Ұлт немесе жеке адам нақты бір межеге бет түзеп, соған мақсатты түрде ұмтылмаса, ертең іске аспақ түгілі, елді құрдымға бастайтын популистік идеологиялар пайда болады.

Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді.

Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана

дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шамашарқын мұқият ескеруге тиіс.

Яғни, реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Оның екі қыры бар.

Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?

Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана.

Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді.

Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзінің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға есте болмайды.

Біз әркім жеке басының қандай да бір іске қосқан үлесі мен кәсіби біліктілігіне қарап бағаланатын меритократиялық қоғам құрып жатырмыз. Бұл жүйе жең ұшынан жалғасқан тамыр-таныстықты көтермейді.

Осының бәрін егжей-тегжейлі айтып отырғандағы мақсатым – бойымыздағы жақсы мен жаманды санамалап, теру емес. Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын.

Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің қертартпа тұстарынан бас тарту керек.

4. Білімнің салтанат құруы

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

Тәуелсіздік жылдарында қиуар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды.

Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді.

Экономиканың кәсіптік сипаты бұрынсоңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді.

(жалғасы 2 бет.)



НҮРСҮЛТАН НАЗАРБАЕВ. БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

(жалғасы, басы 1 бет.)

Осыны бек түсінгендіктен, біз білімге бөлінетін бюджет шығыстарының үлесі жөнінен әлемдегі ең алдыңғы қатарлы елдердің санатына қосылып отырмыз.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Биыл Еуразия құрлығының ұлан-ғайыр аумағын астаң-кестең еткен 1917 жылдың қазан айындағы оқиғаға 100 жыл толады.

Күллі XX ғасыр революциялық сілкіністерге толы болды. Бұл осы аумақтағы барша ұлттарға мейлінше әсер етіп, бүкіл болмысын өзгертті.

Әрбір жұрт тарихтан өзінше тағылым алады, бұл – әркімнің өз еркіндегі шаруа. Біреуге өзінің көзқарасынды еріксіз таңуға ешқашан болмайды. Бізге тарих туралы өздерінің субъективті пайымдарын тықпалауға да ешкімнің қақысы жоқ. Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды.

Біріншіден, ұлттық дамудың ықпалы заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, ұлттымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазымай келеді.

Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды.

Әрине, тарих тек актандардан тұрмайды.

XX ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де берді.

Индустрияландыруды, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымдардың құрылуын, жана интеллигенцияның қалыптасуын осыған жатқызуға болады.

Бұл кезеңде елімізде белгілі бір жаңғыру болды. Бірақ, бұл – ұлттың емес, аумақтың жаңғыруы еді.

Біз тарихтың сабағын айқын түсінуіміз керек. Революциялар дәуірі әлі біткен жоқ. Тек оның формасы мен мазмұны түбегейлі өзгерді.

Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді.

Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз. Ендеше, эволюциялық даму қағидасы әрбір қазақстандықтың жеке басының дербес бағдарына айналуға тиіс.

Бірақ, қоғамның эволюциялық дамуы қағида ретінде мәңгі тұмшаланудың синонимі емес.

Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды.

Бүгінде революциялар өнін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз.

Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі.

6. Сананың ашықтығы

Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды.

Бір қарағанда, жер жүзіндегі миллиардтан астам адам өзінің туған тілімен қатар, кәсіби байланыс құралы ретінде жапатармағай оқып жатқан ағылшын тілін біздің де жаппай және жедел үйренуіміз керектігі еш дәлелдеуді қажет етпейтіндей.

Еуропалық Одақтың 400 миллионнан астам тұрғыны ана тілдері – неміс, француз, испан, итальян немесе басқа да тілдерді сыйламай ма? Әлде 100 миллиондаған қытай мен индонезиялықтар, малайлар ағылшын тілін ерікпеннен үйреніп жатыр ма?

Бұл – бәзбіреулердің әншейін қалауы емес, жаһандық әлемге еркін кірігіп, жұмыс істеудің

басты шарты.

Бірақ, мәселе бұған да тіреліп тұрған жоқ. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәрине болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі.

«Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Егер қазақстандықтар жер жүзіне үйден шықпай, терезеден телміріп отырып баға беретін болса, әлемде, құрлықта, тіпті іргедегі елдерде қандай дауыл соғып жатқанын көре алмайды.

Көкжиектің арғы жағында не болып жатқанын да біле алмайды. Тіпті, бірқатар ұстанымдарымызды түбегейлі қайта қарауға мәжбүрлейтін сыртқы ықпалдардың байыбына барып, түсіне де алмай қалады.

II. ТАЯУ ЖЫЛДАРДАҒЫ МІНДЕТТЕР

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді.

Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын.

Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық.

Қазақ тілінің әліпбиі тым тереңнен тамыр тартатынын білесіздер.

VI-VII ғасырлар – ерте орта ғасыр кезеңі. Бұл уақытта Еуразия құрлығында ғылымға «Орхон-Енисей жазулары» деген атаумен танылған көне түркілердің руникалық жазуы пайда болып, қолданылды.

Бұл адамзат тарихындағы ең көне әліпбиілердің бірі ретінде белгілі. V-XV ғасырларда түркі тілі Еуразия құрлығының аса ауқымды бөлігінде ұлттаралық қатынас тілі болды.

Мәселен, Алтын Ордадан бүкіл ресми құжаттары мен халықаралық хат-хабарлары негізінен ортағасырлық түркі тілінде жазылып келді. Халқымыз Ислам дінін қабылдаған соң руникалық жазулар біртіндеп ысырылып, араб тілі мен араб әліпбиі тарала бастады.

X ғасырдан XX ғасырға дейін, 900 жыл бойы Қазақстан аумағында араб әліпбиі қолданылды.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпбиі – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады.

Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды.

1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

Осылайша, қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді.

Мен 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін» мәлімдедім.

Бұл – сол кезден барлық салаларда біз латын қарпіне көшуді бастаймыз деген сөз.

Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзім-ді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.

Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыс-

тарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек.

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес.

2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізуге тиіс. Әрине, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұрады.

Екіншіден, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз. Оның мәні мынада:

1. Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет.

2. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз.

3. Ол үшін қазіргі аудармамен айналысатын құрылымдар негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру керек. Ол Үкіметтің тапсырысы бойынша 2017 жылдың жазынан тиісті жұмыстарға кірісе бергені жөн. Бұл бағдарлама арқылы неге қол жеткіземіз? Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жана сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз.

Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізгі білім ордаларының аудиторияларында қаланады.

Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық. Әлемнің үздік 100 оқулықтарының қазақ тілінде шығуы 5-6 жылдан кейін-ақ жемісін бере бастайды. Сол себепті, уақыт ұттырмай, ең заманауи, таңдаулы үлгілерді алып, олардың қазақ тіліндегі аудармасын жасауымыз керек.

Бұл – мемлекеттің міндеті.

Үкімет етуіне аудармашы мамандармен қамтамасыз ету, авторлық құқық, оқу-әдістемелік бағдарламалар мен профессорлық-оқытушылық құрамды белгілеу сияқты жайттарды ескере отырып, кешенді түрде шешуі керек.

Үшіншіден, Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.

Сол себепті, мен «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады.

Мәселен, «Ауылым – өнім» атты әнді айтқанда, «Туған жерін сүйе алмаған, сүйе алар ма туған елін» деп шырқайтын едік қой. Бажайлап қарасақ, бұл – мағынасы өте терең сөздер.

Бағдарлама неге «Туған жер» деп аталады? Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі.

Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсек де жүрегінің

түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі.

Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодның негізі.

Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүткірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ.

Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті.

Туған жерге деген сүйіспеншілік нені білдіреді, жалпы, бағдарламаның мәні неде?

Бірінші, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

Екінші, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек.

Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс. Бұл жұмысты өз бетімен жіберуге болмайды, мұқият ойластырып, халыққа дұрыс түсіндіру қажет. Туған жеріне көмек жасаған жандарды қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Бұл жерде де көп жұмыс бар.

Осы арқылы қалаларды көгалдандыруға, мектептерді компьютерлендіруге, жергілікті жоғары оқу орындарына демеушілік жасауға, музейлер мен галереялар қорын байыта түсуге болады.

Қысқаша айтқанда, «Туған жер» бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады.

Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады.

Төртіншіден, жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасын бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек.

Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек.

Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі.

Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі.

Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген.

Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз.

Мәселе еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ.

Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенінің, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінің, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдің көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жалында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді.

Мұның бәрі тұтаса келгенде халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды.

Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтар

(соңы 3 бет.)



НҮРСҮЛТАН НАЗАРБАЕВ. БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

(соңы, басы 1-2 бет.)

дың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы.

Ол – ұлттық бірегейлік негіздерінің басты элементтерінің бірі. Сондықтан, мыңжылдық тарихымызда біз алғаш рет осындай ауқымды жобаны жасап, жүзеге асыруға тиіспіз.

Биыл Үкімет жұртшылықпен ақылдаса отырып, жобаны әзірлеуі керек.

Онда үш мәселе қамтылғаны жөн. Нақтырақ айтқанда:

1. Аталған «Мәдени-географиялық белдеудің» ролі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу-ағарту дайын-дығын жүргізу қажет.

2. БАҚ осыдан туындайтын ұлттық ақпараттық жобалармен жүйелі түрде, мықтап айналысуы керек.

3. Ішкі және сыртқы мәдени туризм халқымыздың осы қастерлі мұраларына сүйенуге тиіс. Мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар.

Бесіншіден, заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз. АҚШ-тың «қырғи-қабақ соғыс» кезіндегі табысының қомақты бөлігі Голливуд-тың еншісінде.

Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен

ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек.

Бұл жоба нені көздейді? Бірінші, отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілі – ағылшын, орыс, қытай, испан, араб және француз тілдерінде сөйлеуі үшін мақсатты ұстаным болуы шарт.

Екінші, ол бүгінгі қазақстандықтар жасаған және жасап жатқан заманауи мәдениет болуға тиіс.

Үшінші, мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек.

Мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиялық тәсілдермен де шыққаны абзал.

Төртінші, бұған ауқымды мемлекеттік қолдау жасалуы қажет. Сыртқы істер, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйелі түрде, қоян-қолтық жұмыс істеуі керек.

Бесінші, бұл жұмыста шығармашылық зиялы қауым, оның ішінде Жазушылар одағы мен Ғылым академиясы, университеттер мен қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқаруға тиіс. Біз заманауи мәдениетіміздің қандай өкілдері әлемдік аренаға жол тартуы керектігін анықтап алуымыз керек.

Ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін іріктеп алғаннан кейін шетелдерде оларды таныстыру рәсімдерін өткізіміз.

2017 жыл жер жүзіне мәдениет саласындағы қай жетістіктерімізді көрсете алатынымызды айқындап алу тұрғысынан шешуші жыл болмақ. Содан соң бірегей бағдарламаны 5-7 жылда тыңғылықты жүзеге асырамыз.

Осылайша, мың жылдық тарихымызда төл мәдениетіміз тұңғыш рет әлемнің барлық құрлықтарына жол тартып, басты тілдерінде сөйлейтін болады.

Алтыншыдан, ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен бағыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға

тиіс.

Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын.

Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн. Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды.

Бұл – тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ.

Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жобада нақты адамдардың нақты тағдырлары мен өмірбаяндары арқылы бүгінгі, заманауи Қазақстанның келбеті көрініс табады.

Біз «Жаңында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш.

Сондықтан, оларды телевизиялық деректі туындылардың кейіпкеріне айналдыруымыз керек. Жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек.

Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық

ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс.

Бұл жоба үш мәселені шешуге бағытталғаны жөн.

1. Ақылмен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту.

2. Оларға ақпараттық қолдау жасап, танымал етудің жаңа мультимедиялық алаңын қалыптастыру.

3. «100 жаңа есім» жобасының өңірлік нұсқасын жасау. Ел-жұрт ұлтымыздың алтын қорына енетін тұлғаларды білуге тиіс.

Қорытынды

Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтап бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр.

Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс.

Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы тарихағын баянды ете түсудің теңдессіз тарахи мүмкіндігі беріліп отыр.



Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін.

Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгеріс білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Толығырақ:

<https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhanizhanhgyru>

ИСПОЛНЕНИЕ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА В ИНФОГРАФИКЕ



Мемлекеттік қызметшілер күш сынасты

«ҚАЗТЕСТ» БАЙҚАУЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Өткен 12-сәуір, сәрсенбі күні «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің ұйымдастыруымен «Қазтест» стандарты негізінде мемлекеттік қызметшілер арасында байқау өткізілді. № 2 мектепте өткен байқаудың мақсаты мен міндеттері – Приозерск қаласының тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2017-2019- жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру; мемлекеттік тілді барынша насихаттау, кадр-қасиетін әспеттеу; мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін арттыру мен оған ықпал етуші нормативті құжат – қазақ тілін меңгеру талаптарын белгілейтін ұлттық стандарттарды қолданысқа енгізу болып табылады.

Сайыс тапсырмалары «Қазтест» стандарты негізінде В1 деңгейі бойынша тест тапсыруға міндеттелді. Сайыстың шарттары бойынша мемлекеттік қызметшілердің қазақ тілін меңге-

ру деңгейін анықтауға негізделген. Байқауға үміткерлер болып қала мекемелерінде қызмет етіп жүрген төмендегі тұлғалар қатысты: «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ сектор меңгерушісі Динар Рамазановна Абжанова, «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ бас маманы Лариса Мирановна Артығалиева, «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшының орынбасары Айдын Аманқұлович Алтаев, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас маманы Гүлнур Алтаевна Байманасова, «Приозерск қаласының өкім аппараты» ММ бас маманы Айдана Оқталапқызы Баекешова, «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ қызметкері Аида Бикеновна Ермағамбетова, «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы Шолпанай Жанылхан, «Приозерск қаласының

өкім аппараты» ММ бас маманы Гүлмира Кендебаевна Раимова, «Приозерск қаласының ТҮК шаруашылығы, жолаушылар көлігі, АЖ және тұрғын үй инспекциясы» ММ бас маманы Біржан Айтуғанович Төкенов және «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, жұмыспен қамту мәселелері бойынша бас маманы «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ, жұмыспен қамту мәселелері бойынша бас маманы Гүлжан Нұрмұрадовна Тұрдымұратовалар. Аталмыш байқауға қазылар төрағасы болып № 2 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Гүлфаридә Керімбайқызы Амантаева, мүшелері болып № 1 қазақ орта мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Гүлнар Әбілқасымқызы Қалманова және акын, журналист Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабековтер белгіленді.

Байқау қатысушыларын бағалаған қазылар алқасының шешімімен бірінші орынды «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшының орынбасары Айдын Аманқұлович Алтаев жеңіп алды. Екінші орынға «Приозерск

қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ бас маманы Лариса Мирановна Артығалиева лайық деп табылса, жүлделі үшінші орын «Приозерск қаласының ТҮК шаруашылығы, жолаушылар көлігі, АЖ және тұрғын үй инспекциясы» ММ бас маманы Біржан Айтуғанович Төкеновке бұйырды. Байқау жеңімпаздарына «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің дипломдары және барлық қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталды.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ





ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА КВОТА БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.2017 жылға меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін 1 қосымшаға сәйкес;

2) бас бостандығын айыру орындарынан босатылған адамдар үшін 2 қосымшаға сәйкес;

3) ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін 3 қосымшаға сәйкес.

2.Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә.Қазиеваға жүктелсін.

3.Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Меншік түріне және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда қызметкерлердің тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан 4%-ға дейінгі көлемде жұмыс орындары квотасы белгіленсін.

2.Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қарашадағы № 45/1 «Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылдың 5 желтоқсанында № 4033 тіркелген, 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 57/481 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә.Қазиеваға жүктелсін.

4.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 16 наурыздағы
№ 11/70 қаулысына
қосымша

МҮГЕДЕКТЕР ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫ БЕЛГІЛЕНЕТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1	«Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	237	3	7
2	«Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	77	2	2

Приозерск қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 16 наурыздағы
№ 11/71 қаулысына
№ 1 қосымша

ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕСЕБІНДЕ ТҮРҒАН АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫ БЕЛГІЛЕНЕТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

№ р/с	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның көлемі (% жұмыскерлердің тізімдік саны)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	«Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	77	2	2

(соңы 5 бет.)

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ МЕСТ НА 2017 ГОД

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О занятости населения», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Организациям независимо от организационно-правовой формы и формы собственности установить квоту рабочих мест на 2017 год:

1) для лиц, состоящих на учете службы пробации уголовно-исполнительной инспекции, согласно приложению 1;

2) для лиц, освобожденных из мест лишения свободы, согласно приложению 2;

3) для граждан из числа молодежи, потерявших или оставшихся до наступления совершеннолетия без попечения родителей, являющихся выпускниками организаций образования, согласно приложению 3.

2.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Казиеву Б.А.

3.Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА ИНВАЛИДОВ НА 2017 ГОД

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О занятости населения», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Для организаций независимо от организационно-правовой формы и формы собственности в процентном выражении от списочной численности работников установить квоту рабочих мест для инвалидов в размере от 2% до 4% согласно приложению.

2. Признать утратившим силу постановление акимата города Приозерск от 21 ноября 2016 года № 45/1 «Об установлении квоты рабочих мест для трудоустройства инвалидов» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 5 декабря 2016 года № 4033, опубликованное в газете «Приозерский вестник» от 23 декабря 2016 года № 51/487).

3.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Казиеву Б.А.

4.Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города

К. Камзин

Приложение
к постановлению
акимата города Приозерск
от « 16 » марта 2017 года № 11/70

ПЕРЕЧЕНЬ ОРГАНИЗАЦИЙ, ДЛЯ КОТОРЫХ УСТАНОВЛИВАЕТСЯ КВОТА РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ИНВАЛИДОВ

№	Наименование организации	Списочная численность работников	Размер квоты (% от списочной численности работников)	Количество рабочих мест для инвалидов
1	Коммунальное государственное предприятие «Управление жилищно-коммунального реформирования»	237	3	7
2	Коммунальное государственное казенное предприятие «Центр детско-юношеского творчества «Достық» города Приозерск»	77	2	2

Приложение 1
к постановлению акимата
города Приозерск
от 16 марта 2017 года № 11/71

ПЕРЕЧЕНЬ ОРГАНИЗАЦИЙ, ДЛЯ КОТОРЫХ УСТАНОВЛИВАЕТСЯ КВОТА РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА ЛИЦ, СОСТОЯЩИХ НА УЧЕТЕ СЛУЖБЫ ПРОБАЦИИ УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ ИНСПЕКЦИИ

№ п/п	Наименование организации	Списочная численность работников	Размер квоты (% от списочной численности работников)	Количество рабочих мест для лиц, состоящих на учете службы пробации уголовно-исполнительной инспекции
1	Коммунальное государственное казенное предприятие «Центр детско-юношеского творчества «Достық» города Приозерск»	77	2	2

(окончание на стр.5)



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ КВОТЫ РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА ИНВАЛИДОВ НА 2017 ГОД

(соны. басы 4 бет.)

(окончание. начало на ст.4)

Приозерск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/71 қаулысына № 2 қосымша

Приложение № 2 к постановлению акимата города Приозерск от 16 марта 2017 года № 11/71

БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНАН БОСАТЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫ БЕЛГІЛЕНЕТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

ПЕРЕЧЕНЬ ОРГАНИЗАЦИЙ, ДЛЯ КОТОРЫХ УСТАНОВЛИВАЕТСЯ КВОТА РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА ЛИЦ, ОСВОБОЖДЕННЫХ ИЗ МЕСТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ

Table with 5 columns: № п/с, Ұйымның атауы, Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам), Квотаның көлемі (% жұмыскерлердің тізімдік саны), Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны

Table with 5 columns: № п/п, Наименование предприятия, Списочная численность работников (человек), Размер квоты (% от списочной численности работников), Количество рабочих мест для лиц, освобожденных из мест лишения свободы

Приозерск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 16 наурыздағы № 11/71 қаулысына № 3 қосымша

Приложение № 3 к постановлению акимата города Приозерск от 16 марта 2017 года № 11/71

АТА-АНАСЫНАН КӨМЕЛЕТТІК ЖАСҚА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІН АЙЫРЫЛҒАН НЕМЕСЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖАСТАР ҚАТАРЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫ БЕЛГІЛЕНЕТІН ҰЙЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

ПЕРЕЧЕНЬ ОРГАНИЗАЦИЙ, ДЛЯ КОТОРЫХ УСТАНОВЛИВАЕТСЯ КВОТА РАБОЧИХ МЕСТ ДЛЯ ТРУДОУСТРОЙСТВА ГРАЖДАН МОЛОДЕЖИ, ПОТЕРЯВШИХ ИЛИ ОСТАВШИХСЯ ДО НАСТУПЛЕНИЯ СОВЕРШЕННОЛЕТИЯ БЕЗ ПОПЕЧЕНИЯ РОДИТЕЛЕЙ, ЯВЛЯЮЩИХСЯ ВЫПУСКНИКАМИ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ

Table with 5 columns: № п/с, Ұйымның атауы, Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам), Квотаның көлемі (% жұмыскерлердің тізімдік саны), Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны

Table with 5 columns: № п/п, Наименование предприятия, Списочная численность работников (человек), Размер квоты (% от списочной численности работников), Количество рабочих мест для граждан молодежи, потерявших или оставшихся до наступления совершеннолетия без попечения родителей, являющихся выпускниками организаций образования

Мемлекеттік бағдарламаның орындалысы

«НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТУРАСЫНДА 2017 – 2021 ЖЫЛДАРҒА» АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 2017 ЖЫЛЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 қаулысымен «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы өз күшін жойып, «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты – халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту болып табылады.

2017 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасын» жүзеге асыру үшін Республикалық бюджеттен 86 738,0 мың теңге қарастырылған:

бірінші бағыт бойынша – 6654,0 мың теңге;

оқуға (кәсіптік оқу) – 1100,0 мың теңге; қайта даярлау курсына – 5554,0 мың теңге;

екінші бағыт бойынша шағын несие – 75,0 млн. теңге;

үшінші бағыт бойынша – 5084,0 мың теңге;

әлеуметтік жұмыс орындары – 4403,0 мың теңге;

жастар тәжірибесіне – 681,0 мың теңге.

Бірінші бағыт: Бағдарламаға қатысушыларды техникалық, кәсіптік білім және қысқа мерзімді кәсіптік оқытумен қамтамасыз ету.

2017 жылдың 12 сәуіріне дейін Приозерск қаласының халықты жұмыспен қамту орта-

лығына бағдарламаға қатысу мәселесі бойынша 238 жұмыссыз азамат өтініш білдіріп, оның ішінде 155 жұмыссыз азамат бағдарламаға қатысушылар тізіміне қосылды.

2017 жылы кәсіптік даярлау курстарына 3 адамға 1100,0 мың теңге (2016 жылдан ауысым бойынша), қайта даярлау курстарына 12 адамға 5554,0 мың теңге қарастырылған.

"Қарағанды көлік-технологиялық колледжі" КММ-не автомобильдерді жөндеу жөніндегі слесарь мамандығы бойынша кәсіби оқыту курсына 3 бағдарлама қатысушылары 10 айға жолданып, ағымдағы жылдың маусым айында аяқтайтын болады.

Екінші бағыт: Кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру.

Шағын несие алу бойынша басты бағыттың үлесі мал шаруашылығы және тиесілі қызмет көрсету болып табылады.

2017 жылы шағын несиелендіруге 75,0 млн. теңге бөлу қарастырылған. Ағымдағы жыл басынан шағын несие алу бойынша 29 үміткерге түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Үшінші бағыт: Еңбек нарығын дамыту арқылы халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру.

Әлеуметтік жұмыс орындарына жолдау үшін, Республикалық бюджеттен еңбекақыны ішінара қаржыландыруға 15 жұмыссыз азаматқа 4 403,0 мың теңге қаражат бөлінді.

Жыл басынан әлеуметтік жұмыс орындарына ауысыммен 19 мақсатты топтағы жұмыссыз азаматтар жолданды.

Міндетті 10 % зейнетақы жарнасының аударымдары 100%-ды құрайды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» шеңберінде жастар тәжірибесін ұйымдастыруға 681,0 мың теңге бөлінді. Алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтау үшін, ағымдағы жылдың шілде айынан бастап 2 қатысушы 6 ай мерзімге Приозерск қаласының әкім аппараты мен «Балақай» КМҚК балабақшасына жастар тәжірибесіне жолданады. Бағдарламаның бір қатысушысы үшін субсидия мөлшері айына 25 АЕК-ті құрайды.

Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы



ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!

ЛУЧШИЙ СОЦИАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ,
РЕАЛИЗУЕМЫЙ В КАЗАХСТАНЕ

1. Отбор социальных проектов на региональном уровне проводится Комиссией в период с апреля до июля текущего года.

2. Авторами социальных проектов могут выступать общественные объединения, организации инвалидов, иные учреждения и ведомства, физические лица и другие неправительственные организации осуществляющие деятельность направленную на улучшение качества жизни социально – уязвимых слоев населения, в том числе лиц с ограниченными возможностями (далее - Участники).

3. Управления совместно с филиалами национальной палаты предпринимателей могут привлекать спонсоров из числа работодателей для сопровождения на республиканскую Выставку в Астану.

4. Для отбора лучших социальных проектов Комиссия может определить следующие критерии оценки по 5-ти бальной системе:

1. соответствие проекта целям и условиям Конкурса: «Оказание поддержки гражданам, включая социально уязвимые слои населения, в медицинской, социальной, образовательной и других сферах, а также создание рабочих мест и содействие в занятости»;

2. актуальность и социальная значимость проекта;

3. качественное планирование проекта (четкая реализация мероприятий согласно целям и задачам проекта);

4. достижимость результатов проекта;

5. наличие опыта реализации подобных проектов (продолжение и расширение текущего проекта);

6. наличие дополнительных источников финансирования (пожертвования, гранты, благотворительность, социальный заказ, собственные средства);

7. территориальный охват (масштабирование проекта);

8. доля охвата населения, оказавшегося в трудной жизненной ситуации;

9. длительность проекта, (не менее 1 года);

10. привлечение волонтеров для реализации проекта;

5. Требования к материалам представленные для участия в Выставке:

1) качество оформления представленных документов, презентационных материалов;

2) составление презентационного материала проектов в виде слайдов, роликов с длительностью презентации (3-5 минут);

3) проекты представленные на предыдущую республиканскую Выставку повторно не рассматриваются.

6. При необходимости члены Комиссии могут вносить корректировки к критериям отбора «Лучших социальных проектов, реализуемых в Казахстане».

7. Заявки на участие в отборочном туре могут предоставлять согласно прилагаемой форме (приложение № 1) с момента объявления о начале проведения отборочного тура на

региональном уровне.

8. Участникам на руки могут выдаваться уведомления о принятии полных материалов проекта.

9. В случае не соблюдения требований вышеперечисленных критериев Комиссия может вернуть участникам представленные материалы.

10. В случае возникновения спорных вопросов при отборе проектов, решение председателя Комиссии может иметь преимущественное право.

11. Отобранные Комиссией материалы проектов направляются на республиканскую Выставку в Министерство, к 1 июля текущего года.

12. По всем возникающим вопросам входе проведения организационных работ обращаться в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» по указанному телефону: 5-49-40 (Байманасова Г.А.) и электронному адресу: g.baimanasyova@karaganda-region.gov.kz

Приложение 1

к Методическим рекомендациям

по отбору «Лучших социальных проектов, реализуемых в Казахстане»

Заявка

на участие в мероприятии по отбору социальных проектов

1	Автор социального проекта
2	Наименование социального проекта
3	Период реализации проекта в регионах
4	Социальная значимость проекта
5	Краткая аннотация
6	Количество охвата и категории лиц
7	Источники финансирования (госсоцзаказ, привлеченные средства)
8	Достигнутые результаты (кол-во реабилитированных, трудоустроенных, обеспеченных и др.)
9	Презентационный материал (логотип проекта, слайды и ролики в формате DVD)
10	Дополнительная информация (телефон, факс, e-mail и др.)

МӘМС-ға дайындық

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК
МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ
ЕНГІЗУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ОРЫНДАЛУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Елбасы Ұлт Жоспары «100 нақты кадам» бағдарламасын жариялап, алдымызға үлкен міндеттер жүктеді. Сол бағдарламаның 80 - қадамы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу» жүйесін орындау аясында 2017 жылдың ақпан айынан бастап Приозерск қаласында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) бойынша 10 кездесу, 2016 жылдың қыркүйек – желтоқсан айыларында 8 кездесу өтті. Бұл кездесулерде жалпы 265 адам қамтылды, кездесу барысында МӘМС бойынша халықты ақпараттандыру мақсатында слайдтар, видеороликтер көрсетіліп, тарату парақтары таратылды. Приозерск қаласының жеке кәсіпкерлерімен өткен кездесуде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің құзыретті өкілі Исаков Ернар Бөкенбеков өз баяндамасын оқыды. Жергілікті «Приозерский Вестник» газетінде жыл басынан «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру деген не?» тақырыбы бойынша екі тілде 2 мақала жарияланды. Қаламыздың

орталық алаңында әр сенбі күні өтетін қалалық жәрмеңкеде 100 данадан МӘМС туралы буклеттер таратылады.

«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ қызметкерлері қаламыздың МӘМС қорына жарна төлеуден босатылатын азаматтар санатын анықтап, 2017 жылдың 4 сәуірінен бастап әлеуметтік мәртебені тағайындау дерекқорына (назначение социального статуса) енгізу жұмыстары басталды.

«Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМҚМ а.ж. наурыз айынан бастап, «Емханаға тіркел де – МӘМС жүйесіндегі өз мәртебеңді анықта!» атты емханаға тіркелу науқаны басталды.

Жалпы МӘМС жүйесін қолдау және түсіндіру бойынша қаламызда 2017 жылдың 30 маусымына дейін 30 кездесу және т.б. іс-шаралар өткізу жоспарда.

Приозерск қаласының ІС,МжТД бөлімі

Наркомании нет!

В КАЗАХСТАНЕ
РАСПРОСТРАНЯЕТСЯ
«АПТЕЧНАЯ» НАРКОМАНИЯ


Наркомания стала социальным злом 20-века, оказывая разрушающее воздействие на психику и здоровье человека, подрывая устои государства. И потому в нашей стране борьба с этим злом идет по всем направлениям. В том числе, ведется активная профилактическая работа. Сдавая свои позиции, наркомания вынуждена видоизменяться, приспосабливаться к современным условиям жизни.

И сейчас стала проявляться, так называемая «аптечная» наркомания, когда из доступных средств люди начинают извлекать какие-то

вещества, синтезировать и употреблять. И такие факты, в последнее время, стали встречаться всё чаще.

В основном синтетические наркотики употребляют те люди, которые раньше употребляли героин и прочие общеизвестные наркотики. Для них это альтернатива, замена привычного наркотика.

«Для наркозависимых людей употребить наркотик - это практически, как глотнуть воздух, и, естественно, они любыми способами начинают искать пути и пытаются извлечь его



из чего-то, чтобы получить нужный эффект».

Влияние синтетических наркотиков оказывают негативный эффект. Они вызывают очень тяжелые невралгические, психические и физические последствия. «К примеру, дезоморфин, более известный как «крокодил», а также очень часто встречаются люди, которые внутривенно употребляют глазные капли, которые вызывают сильные галлюцинации». «Тропиамид» и «Цикломед» – глазные капли,

но, если их использовать не по назначению – вызывают эффект, схожий с действием ЛСД. В итоге – тяжелейшая интоксикация, последствия для организма и психики. «Трамадол» – это вообще синтетический опиоид. Думаю, значение слово опиоид пояснять излишне. Если грубо – синтетический героин. И единовременный прием 5 таблеток, по сути, равен дозе героина. Его назначают исключительно онкобольным на последних стадиях. Вызывает привыкание с первого приема. И вот это все можно купить в аптеке.

Самостоятельное решение перестать употреблять не будет действенным. Потому что психика наркомана изменена и подсознательно он всегда оправдывает свое употребление. И здесь может помочь только помощь специалистов.

А.Төлегенова,

юрисконсульт ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»



Ы С Ы Р А П Қ А Ж О Л Б Е Р М Е Й К !

Көкейкесті мәселе

Қазіргі қарыштап дамып келе жатқан техника-технологиялық жетістіктердің барлығы да адамның қажеттіліктерін өтеп, өмірден барынша ләззат алу үшін жағдай жасауға бағытталған. Адамзат мұншама материалдық игіліктерге бұрын-соңды кенелмеген десек артық айтқандық емес. Бір өкініштігі адамның құлқыны мұнымен тоймауда. Әсілінде адам баласы жаратылғалы бері тарихта орын алған қайғы-қасиеттер, дүіежүзілік соғыстардың бәрінің астарына үніліп қарар болсақ, осы қу құлқының қамын қүйттеу жатқанын байқау қиын емес. Негізінен адам табиғаты шексіз бақытты қалайды. Ал бұл шексіз бақытты материалдық заттармен өтеу мүмкін емес. Бұл сезімді Аллаға деген иман мен махаббат қана тізгіндеп, баса алады. Сондықтан да әлемге имани көзбен қарамаған жан қаншама дүниелік ізгілікке бөленіп, шалқып жүрсе де, оған тоймақ емес. Қазіргі таңда ысырапшылық адамзатты тығырыққа тіреуде. Бұның астарында дүниеге деген көзқарас пен соған сай қалыптасқан сана жатыр. Ысырапкершілік тіршілігіміздің барлық саласына әбден сіңіп кетті. Ішіп-жеу, киіну, жүру-түру, энергия көздері, тәнімізбен қатар рухымызға дейін, жаратқанның сыйға тартқан нығметтерін оңды-солды шашудамыз. Қазіргі күні аста-төк дүние қажеттілік ретінде бағалануда. Соның салдарынан шектен тыс ысырапшылық орын алууда. Тіпті күнделікті ішіп-жемнің өзінде жасалып жатқан ысырапкершілік жантүршігерлік деңгейге жетіп отыр. Ал иісі мұсылман ата-бабалымыздың дәстүрінде қара нанның өзі аяқ асты етілмеген еді. Әлемнің көптеген елдерінде соғыстың кесірінен адамдардың, жас балалардың аштыққа душар болып, бір үзім нанға зар екендігін күнделікті көріп, есітіп, біліп отырмыз. 1932-33-жылдардағы аштық пен отыз жетінің наубәті әлі жадымыздан өше қойған жоқ. «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыз-

дарынан» кетпеген жандар арамызда әлі де бар. Біз бүгінгі мақаламызды қаламызды мекеңдеген жалпы жамағатқа арнамақпыз. Бұл біраз уақыттан бері ақсақалдардың, азаматтардың, тұрғындардың арасында сөз болып жүрген мәселе. Жоғарыда айтқанымыздай, тоқшылдың арқасында кей пенделер дандай-суға, бәсекелесуге, ысырапшылыққа дейін барғаны жасырын емес. Құранда: «Ысырап етпе, сөзсіз ысырап етушілер шайтанға бауыр болмақ. Ал шайтан, Раббысына тым күпірлік етуші» – деп, ысыраптың нәтижесінің неге апаратынын еске салып жирендіруде. Мұсылман баласы үшін бұл өте ауыр ескерту. Тағы бір аятта: «Ысырап етпендер, күдіксіз Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді» деп ысырапқа жол бермеу керектігі айтылған. Бұл өзекті мәселе бүгінде тек бізде ғана емес, бүкіл әлемде айтылып жүр және бұған қарсы тиісті шаралар қолдануда. Мәселен өзбек Мұфтиятының патуасымен өткен жылғы ораза кезінде мейрамхана, дәмханаларда жүздеген адамды жинап іптар жасауға, тойларда да аста-төк дастархан безендіруге тиым салды. Бұл патуаның жүзеге асып жатқанын елге барғанда көзіміз көрді. Көрші Балқаш қаласында ысыраптың алдын алу мақсатында садақада, құдайы тамақта дастарқанды шақтап жасауды қолға алыпты. Жуықта Теміртауда садақада болғанда да осындай жақсы бастаманың куәсі болдық. Негізінде бұған жергілікті имамдар қатты тұрып, халыққа түсінік жұмыстарын жүргізумен қатар, шектен тыс дастарқанды толтыруға шек қоя білген көрінеді. Құран көрiмде: «...Ішiндер, жеңдер бiрақ ысырапқа жол бермеңдер! Расында Алла тағала ысырап қылушыларды жақсы көрмейдi» дейдi. Ислам дiнi адам баласы үшiн жақсы саналған нәрселердi адал, зиянды нәрселердi арам еткен. Дүние нығметтерi – адамға тарту етiлген сый әрi аманат. Осы сыйдың қадiрiн бiлiп, дұрыс

мақсатта қолданып, шүкіршілік жасасақ, Алла тағала бұл нығметтерін одан сайын арттыра түседі. Құран Кәрімнің тағы бір жерінде: «Егер шүкіршілік еткендер нығметтерімізді одан сайын арттыра түсемін» делінген. Әсілінде, ысырапшылық осы нығметтердің қадірін білмеуден туындауда. – Шу қаласында садақада бірнеше рет болдым. Столдағы тағам желініп болғанша дастарқан тып-типыл болды. Қойылған дәм-тағамдарды жапатармағай пакеттеріне жарыса салып алып жатқан жұртты көріп жағамды ұстадым. Табақтағы еттер бүтін күйінде пакетке тоғытылып жатты. Бұл не сонда?.. Ашқарақтық па, пайдакүнемдік пе?.. Жақынның аза тұтып, құдай жолына садақа беріп, құран бағыштап жатқан шаңыраққа көмектесудің орнына дастарқанын тонауды қандай адамгершілік санаға жатқызуға болады?! Әрине, біздің халық бұндай сорақылықтан ада. Оған да шүкіршілік! Енді мына ысырапшылыққа шек қойсақ дұрыс болар еді. Негізі бұл көпке ортақ, дұрыс бастама болар еді, – дейді Күнсұлу апай. Қаламыздың елге сыйлы ақсақалы, Фахредин кожа былай дейді: – Аталмыш мәселе туралы мен әр жерде айтып жүрмін. Имамға да айттым. Біз өзбек халқымен де, шымкенттіктермен де аралас-құралас болдық. Бұдан 20 жылдай бұрын Машаттағы өзбектің садақасына қатыстым. Дастарқанда төрт бөлінген кішкентай өзбек наны, қант-кәмпит, екі түрлі көкөніс тіскебасары, сорпа мен шай ғана болды. Олар әу бастан ысы-пашылыққа қатаң қарайды, бұны қолдаймын. Жалпы менің ұсынсым: біздегі дас-қарқанға бауырсақ, нан, қант-кәмпит, бірер түрлі тіскебасар (салат), палау мен шай болса жетіп жатыр. Әрі кетсе адам басына бұрудан самса пісірсе артық болмас. Менің сөзімді барлық ақсақалдар мен жөн білетін азаматтар қолдайды деп сенемін. Осы өзекті мәселені газет арқылы қала



тұрғындарының назарына ұсыну және садақа кезінде талқылау дұрыс болар еді. Аталған жай туралы қаланың көптеген ақсақалдары мен азаматарына айтқанда, олар да толық қолдайтындықтарын білдірді.

Бүгінде Өзбекстанда тұратын ағайындарымыз тойларда да шағын дастарқан мен мөлшерлі тағамға ден қойғандарын айтауда. Оны дін өкілдері мен жергілікті атқарушы органдар бақылап отырады. Айналып келгенде осының бәрі ысырапқа жол бермеу үшін жасалынып жатқан шаралар. Қорыта келе айтарымыз, дінімізге де, ділімізге де, салт-дәстүрімізге де, адамгершілік қасиетімізге де қайшы келетін дүниәуи іс-әрекеттерден, әсіресе, ысырапшылыққа жол беруден аулақ болайық, ағайын!

Ф.Берсүгіров, М.Хизиров, Ж.Кенесов, М.Оразметов, М.Нұршаев, С.Тәңкібев және қаланың бір топ ақсақалдары мен азаматтары.
Пікірлерді редакциялап, қағазға түсірген: **Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ, газеттің арнаулы тілшісі.**

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҮРДЕ ТІРКЕУ

Бүгінгі таңда үкімет порталы арқылы әділет органдары электронды форматта 22 қызмет түрін көрсетеді. Осындай қызметтердің бірі, 2013 жылғы 1 қаңтарда енгізілген жылжымайтын мүлікті электронды тіркеу болып табылады. Ол үшін Қазақстан азаматтары нотариуста келісім рәсімделгеннен кейін 1 күн ішінде әділет органдарында өз құқықтарын тіркей алады. Келісімге қол қойылғаннан кейін нотариус сатып алушының жазбаша келісімін өзінің электронды цифрлы қолтаңбасымен құпталған құжаттарды электронды түрде «Е-нотариат», яғни бірыңғай нотариалды ақпараттық жүйенің бағдарламасы арқылы аумақтық әділет органына жібереді. Жылжымайтын мү-

лікті сатып алушы келісімге қол қойылғаннан кейін Қазақстан Республикасы электронды үкіметінің төлем шлюзі арқылы тіркеу үшін алым сомасын төлеуі қажет. Электронды тіркеу үшін азаматтардың электронды цифрлы қолтаңбасы қажет етілмейді. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласына электронды тіркеуді енгізу мемлекеттік тіркеу мерзімін 5 күннен 1 күнге дейін қысқартты, сонымен қатар жедел тіркеу үшін алым төленбейді. Электронды тіркеудің жеке және заңды тұлғалар үшін ең басты артықшылығы – уақыт пен материалдық шығынның азаюы. Енді нотариуста келісім жасалғаннан кейін азаматтар құжаттарын ХҚКО-ға тапсырып, әділет орғанда-

рының шешімін күтпейді. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеудің электронды түрі рәсімдеу шараларын түбегейлі жеңілдетіп, кедергілерді жойып, азаматтарға қолайлы жағдайлар туғызуда. Қазіргі таңда осы жеделдетілген мемлекеттік қызмет түрін қолданушылар саны күннен-күнге өсуде.

Осыған орай 2016 жыл аралығында Приозерск қаласы әділет басқармасымен электрондық түрде «Бырыңғай Нотариалды Ақпараттық Жүйе» арқылы жылжымайтын мүлікке құқық тіркеу бойынша барлығы 128, оның ішінде тұрғын негізінде 74, тұрғын емес негізінде 54 іс тіркелді.

Нотариаттық қызметті жүзеге асыратын барлық жекеше нотариустар жылжымайтын мүліктің Тіркеу базасымен біріктірілген Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйеге (БНАЖ) қосылған.

Жаңа мемлекеттік қызмет түрі

Тіркеу ісінде сақтау үшін құқық белгілейтін құжатты, тіркеу жүргізілгені туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы хабарламаны және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгенін растайтын электрондық чекті қағаз жеткізгіште басып шығарады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды электронды тіркеудің сапасын жоғарылату мақсатында Приозерск қаласы әділет басқармасы Приозерск қаласының жергілікті нотариустармен жылжымайтын мүлікке құқықтарды электрондық түрде тіркеу бойынша тұрақты түрде іс-шаралар өткізіліп отырады.

Б. Майбасов, Приозерск қаласы Әділет басқармасының бас маманы

Упрощена процедура регистраци

УЛУЧШЕНИЕ ПОЗИЦИИ КАЗАХСТАНА В РЕЙТИНГЕ «DOING BUSINESS»: ЭЛЕКТРОННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ

В рейтинге «Doing Business» 2016 года Казахстан является ведущим реформатором и отмечен как государство, осуществившее наибольшее количество реформ - 19 реформ в семи из десяти направлений.

Улучшению позиций в рейтинге «Doing Business» способствовала системная работа Правительства РК, проводимая в соответствии с поручением Главы государства по кардинальному улучшению бизнес-климата. Приняты меры по улучшению деловой среды и снижению административного давления на бизнес через реформирование действующего законодательства, совершенствование разрешительной системы, упрощение процедур созда-

ния бизнеса и оптимизации государственной контрольно-надзорной деятельности. Регистрация юридических лиц в Казахстане существенно упрощена. Переход от разрешительного к уведомительному порядку регистрации юридических лиц со статусом малого предпринимательства осуществляется с 2013 года. За это время выросло количество юридических лиц, зарегистрированных через портал Правительства. Для того чтобы зарегистрировать юридическое лицо со статусом субъект малого бизнеса необходимо иметь лишь электронно-цифровую подпись. Регистрация проводится автоматически в Государственной базе данных «Юридические лица», подтверждением завер-

шения которой является получение электронной справки о регистрации юридического лица с присвоенным бизнес-идентификационным номером (БИН). Согласно ст. 7 Закона РК «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», электронный документ равнозначен документу на бумажном носителе. С принятием Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам кардинального улучшения условий для предпринимательской деятельности в Республике Казахстан» от 24 декабря 2014 года отменена оплата регистрационного сбора при государственной их регистрации и регистрации прекращения деятельности для юридических лиц, относящихся к субъектам малого и среднего предпринимательства. Также через электронный портал Правительства можно получить справки о зарегистрированных юридических лицах, их филиалах и представительствах. На портале электронного правительства доступны услуги органов юстиции по регистрации юридических лиц и прав на недвижимое имущество

Согласно статье 6-1 Закона Республики Казахстан «О государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств», государственная регистрация юридического лица, относящегося к субъекту малого предпринимательства, может быть осуществлена посредством подачи электронного уведомления, которое заполняется на веб-портале «электронного правительства». Государственная регистрация юридического лица, относящегося к субъекту малого предпринимательства, производится в порядке уведомления и осуществляется через портал в течении одного дня. Для государственной регистрации юридического лица, относящегося к субъекту малого предпринимательства, в регистрирующий орган учредителем (учредителями) подается электронное уведомление о начале осуществления предпринимательской деятельности посредством заполнения образца электронного документа на портале.

Управление юстиции г.Приозерск

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VI – шы шақырылымының кезектен тыс XI – ші сессиясы 2017 жылдың 24 сәуірінде өтеді.

Сессия күн тәртібінде:

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 8/76 «2017-2019 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия төрағасы

М.Әбдімүтәліпов

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Внеочередная XI – ая сессия городского маслихата VI-го созыва проводится 24 апреля 2017 года.

В повестке дня:

1. О внесении изменений в решение Приозерского городского маслихата от 22 декабря 2016 года № 8/76 «О городском бюджете на 2016-2018 годы».

Председатель сессии

М.Абдимуталинов



Сүйінші!

Қала тұрғындарының назарына!

БИШІЛЕР БИІКТЕН КӨРІНДІ

Жыл сайын Алматы қаласында ұйымдастырылатын республикалық «Жас таланттар» конкурсынан бүкіл қала тұрғындары болып жеңістің туын желбіреткен сүйінші хабар күтіп отыратындығын жасыра алмаймыз. Облыс деңгейінен өтіп, республикалық көлемде топ жарып жүрген қалалық «Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығы» «Жұлдыз» би топтарының жетекшісі Перизат

көңілдерді күпті еткен сүйінші хабар көп көптірмей жетіп келді. Перизат жетекшілік ететін «Жұлдыз» би тобының кішкентай тобы «Достасайық» биімен бірінші орынды, «Жұлдыздың» үлкен тобы да «Ерке сұлқым» биімен бірінші орынды жеңіп алыпты. Жеке биші Шанкытбай Әселдің де биылығы би өнерінің додасында бағы жанып, өзбек биімен сахнаға шығып, қазылардың бірауыздан шешімімен бірінші орынға ие болды.

Биылығы тағы бір жаңалық, би өнері байқауына қаламыздан Перизат Нұршаеваның сүйікті әрі білікті шәкірттерінің бірі Асия Омарова жетекшілік ететін «Вдохновение» би тобы да қатысқан болатын. Олардың кішкентайлар тобы «Ягушата» биін орындап, жүлделі екінші орынға ие болған. «Домбыра» биімен шыққан топ та екінші орынды бағындырыпты. «Трио» үлкен топ қыздары Хорезм биімен бірінші орынды жеңіп алған.

Міне, осылайша кешігіп келген көктемнің алғашқы жылуы басталған мезгілі қала тұрғындары үшін осындай жағымды да, қуанышты хабармен жетті. «Жеңісті жолдарың жалғаса берсін!» демекпіз өнерпаз балақандарымызға.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



Маратқызы Нұршаева үйрететін өнерпаз қыздар биыл да аталмыш байқауға үміттерін үкілеп аттанған болатын. Үйлерінде отырып тақымын қысқан ата-аналар мен тілектес болған ұжымы және қала тұрғындары бәйгеде бақ сынасқан өнерлі қыздардың жеңісті жолдарын асыға күткені айтпаса да белгілі. Көптеген

Жұқпалы аурудан сақтанайық!

АДАМДАРДЫҢ БРУЦЕЛЛЕЗБЕН АУРУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ ЖӨНІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Бруцеллез инфекциясының эпизоотиялық шағы шегінде инфекция қоздырғышының көздері бар және жануарлар мен адамдарға жұғу мүмкіндігі бар, оның берілу тетіктері әрекет ететін аумақ болып табылады. Эпизоотиялық ошақты тексеруді тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық дәрігер және дәрігер-эпидемиолог жүргізеді.

Адамдардың ауыруында ұсақ малдың бруцеллез бойынша қолайсыздығы ерекше маңызға ие болып табылады. Ірі қара малдың және шошқаның бруцеллез бойынша эпизоотиялық ошақтары бар елді мекендерде, әдетте, адамдардың бруцеллезбен ауруының кездейсоқ жағдайларының бірлі-жарымы тіркеледі.

Эпизоотиялық ошақты эпизоотологиялық тексеруді емдеу-профилактикалық ұйымынан шұғыл хабарлама (есепке алу нысаны № 58/е), сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілерде бруцеллезбен ауырған жануарлардың анықталғаны туралы ветеринариялық қызметтен, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларынан, мал иелерінен мәліметтер алғаннан кейін бастайды.

Адамдардың бруцеллезбен ауыру жағдайларын эпизоотологиялық тексерудің мақсаты ветеринариялық қызмет мамандарымен бірлесіп отырып, инфекция қоздырғышының көздерін, жұқтыру жолдарын табу, инфекция көздерімен байланыста болған барлық адамдарды анықтау және одан әрі осы ошақта бруцеллездің адамдарға жұғуының алдын алу бойынша кешенді іс-шаралар жүргізу болып табылады.

Жұқтыру жолдарын анықтау үшін меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілерге, шикізаттарды және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына (ет комбинаттарына, сою пунктеріне, сүт зауыттарына) егжей-тегжейлі эпизоотиялық-эпидемиологиялық тексеру жүргізілген жөн.

Приозерск қаласының ветеринария бөлімі

Фермаларға, кәсіпорындарға (шаруашылық жүргізуші субъектілерге) эпизоотиялық-эпидемиологиялық тексеру жүргізген кезде бірінші кезекте бруцеллезге қарсы іс-шаралардың сақталуына көңіл аудару керек, жұмыскерлердің еңбек жағдайын зерделеу қажет, ол үшін:

аумақтың абаттандырылуына, сумен жабдықтауға, дезинфекциялық және жуғыш заттардың бар-жоғына, жұмысшыларға арналған тұрмыстық үй-жайлардың жабдықталуына, олардың жай-күйіне және ұсталуына, мал қорымдарының, Беккері шұңқырларының немесе өлексе өртеу пештерінің жабдықталуына, жинау мұқамалының, оның ішінде іш тастаған және өлі туған төлдерді, шуды жинауға арналған жинау мұқамалының бар болуына ерекше көңіл аудару отырып, объектінің санитариялық-гигиеналық жағдайын бағалау;


персоналдың жеке қорғаныш құралдарының: арнайы киім мен аяқ киімдер, қолғаптар, резенке (клеенка) алжапқыштар, саусаққаптар, олардың саны, қолдануға жарамдылығы, сақтау, ауыстыру тәртібі, кір жуудың орталықтандырылуы, дәрі қобдишаларының, қол жуғыштардың, дезинфекциялық заттардың, сабынның бар-жоғын анықтау;

жұқтырудың алиментарлық жолдарын анықтау мақсатында сүтті пастерлеу режимін, сүт ыдыстарын, сүзгіш материалдарды сақтау және өңдеу шарттарын сақтауды тексеру, сүт және сүт өнімдерін сату тәртібін белгілеу;

тексерілген шаруашылықтан мал шаруашылығы шикізаты мен өнімдерін алғашқы өңдеу және тасымалдау тәртібін анықтау, шаруашылықтағы немесе кәсіпорындағы персоналдарға профилактикалық қарау жүргізудің ұйымдастырылуын тексеру қажет.

ҚАРААҒАШ ЖАПЫРАҚ ЖЕМІРІ ЗИЯНДЫ ҚОҢЫЗ

Қараағаш жапырақ жемірі [Pyrrhalta (Galerucella) luteola], Еуразияда, Батыс Ресейде, орталық Азияда, Қазақстанда көп тараған. Қоңыздың ұзындығы 5-8 мм, сопақша келген қоңыр сары түсті қоңыз. Аталған қоңыз әдетте жылына екі, орта Азияда, Қазақстанда үш ұрпақ береді. Ең зияндысы бірінші ұрпақтары. Аталған зиянкестер (қоңыздар) бірінші жұмыртқаларын мамыр айының бірінші онкүндігінде жаңа жапырақ астына жұмыртқалап (бір жетілген қоңыз 400-700 дана жұмыртқа салады) және сол жерде жұмыртқа мамыр айының ортасында жұмыртқа салғаннан кейін екі апта өткенде құртқа айналып, құрттар жаңа жапырақтарды жей бастайды. Қараағаш жапырақ жемірі зиянкестерінің екінші ұрпақтары жетілгенде қараағаштардың барлық жапырақтары зақымданады. Ағаштардың өсуі тоқтап, қурап, солуға дейін әкеледі. Біздің қаламызда да қараағаш жапырақ жемірі көптеп кездеседі. Аталған зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жылда екі мезгіл, мамыр және тамыз айларында жүргізіліп отырады. Ағаш зиянкестерінің көбею себептерінің бірі - қураған ағаштар мен бұталардың дер кезінде кесілмеуі. Қураған ағаштардың қабығының асты жетілген қоңыз-



дардың қыстау ұясы болып табылады. Сондықтан қураған ағаштарды, бұталарды кесіп өртеу, сондай-ақ ағаштардың түбін қопсытып, әктеу қоңыздардың жетілген түрімен күресудің басты жолы. Негізінде аталған зиянкестермен химиялық өңдеу жолымен күресу тиімді. Химиялық өңдеу жұмыстары Рогор, Фозалон, Хлорофос, Метафос, Димилин 48% препараттарымен жүргізіледі.

К.Р. КАДИРОВА,
ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, тел. 5-40-06

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ



УВАЖАЕМЫЕ ГОСТИ И ЖИТЕЛИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК!

Приобрести билеты на посещение ЭКСПО-2017 вы можете в городском филиале АО «Казпочта» по адресу: г.Приозерск, ул. Пушкина 9/2, телефон для справок: 5-22-71.

ТРЕБУЕТСЯ

Организации требуется продавец. О квалификационных требованиях к соискателю и ознакомление с условиями работы - при личном собеседовании. Телефон для справок: +7 777-976-4001

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

после смерти Чибисова Георгия Игнатьевича, открыто 15 октября 2014 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: ул.Кисунько, 1-Б, тел. 8-775-162-70-05

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі.

Медиатор – кәсіби және кәсіби емес негізде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Медиация туралы» Заңына сәйкес, кәсіпқой емес медиаторлардың тізіліміне енгізу үшін Приозерск қаласының әкім аппараты қала тұрғындарынан өтініштер қабылдайды.

Өтініштер келесі мекен жай бойынша қабылданады: Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 7, әкім аппаратының ғимараты, 2 қабат, № 19 кабинет.

Жұмыс істеу уақыты: дүйсенбі ден жұма аралығында – сағат 9.00-ден бастап 18.30-ге дейін. Түскі асқа үзіліс – сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін. Телефон: 5-41-97.

Приозерск қаласының әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі

Қ ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

Медиация - процедура урегулирования спора (конфликта) между сторонами при содействии медиатора (медиаторов) в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон.

Медиатор - независимое физическое лицо, привлекаемое сторонами для проведения медиации на профессиональной и непрофессиональной основе.

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 28 января 2011 года «О медиации», аппарат акима города Приозерск принимает заявления от жителей города для включения в реестр непрофессиональных медиаторов.

Прием заявлений осуществляется по адресу: город Приозерск, улица Пушкина, 7, здание аппарата акима, 2 этаж, кабинет № 19.

График работы: с понедельника по пятницу – с 9.00 до 18.30 часов. Перерыв на обед – с 13.00 до 14.30 часов. Телефон: 5-41-97.

Государственно-правовой отдел Аппарата акима города Приозерск

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Вэб-сайт: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 15/503. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.